АО «Центр международных программ» в ходе моего участия в конкурсе на присуждение международной  
стипендии «Болашақ», членам Республиканской комиссии по подготовке кадров за рубежом, зарубежным  
партнерам, государственным органам, научно-исследовательским институтам, бюджетным организациям, а  
также размещения на веб-сайте, по усмотрению организаторов конкурса.

Обязуюсь проходить все этапы конкурса самостоятельно, без участия родителей или других посредников.  
При прохождении конкурса обязуюсь соблюдать нормы общественной этики, быть вежливым с сотрудниками  
организаций и ведомств, отвечающих за организацию и проведение этапов конкурса.

Төменде өзіңіздің қолыңызбен мынадай мәтінді жазыңыз:

Осы қосымшаны мен өз қолыммен толтырдым, әрбір парағы  
д ә й е к т е л д і / ж е к е қ о л қ о й ы л д ы /

Пожалуйста, напишите ниже собственноручно прописью текст, выделенный курсивом:

Настоящее приложение заполнено мною собственноручно, каждый лист приложения запарафирован (подписан  
личной подписью). Үміткердің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Подпись претендента Дата

Осы қосымша тегін таратылады және көбейтуге болады. Қосымшаны  
Интернет арқылы алуға болады. Данное приложение распространяется бесплатно  
и может быть размножено. Приложение может быть загружено через адрес в  
Интернете [www.edu-cip.kz](http://www.edu-cip.kz)

қолы/подпись \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы»27 маусымдағы

№ 333 бұйрығына 4-қосымша

**Негіздеме-өтінішті жазу құрылымы**

1. Негіздеме-өтініш - бұл еркін нысанда жазылатын шығарма, онда Сіздің жеке әсерлеріңіз, көзқарастар мен пікірлеріңіз дәлелдер мен дәйектемелер келтіру арқылы сипатталып қамтылады.

2. Негіздеме-өтінішті жазу кезінде мынадай талаптарды ескеріңіз: негіздеме-өтінішті А4 форматтағы қағазға 1 беттен кем емес және 2 беттен аспайтын көлемде басып шығару немесе қолдан жазу (түсінікті жазумен) қажет, мемлекеттік тілде жазғаныңыз жөн; басылған құжаттарға қатысты талап - 1,5 жоларалық интервал, Times New Roman ның 12 қарпі; негіздеме-өтініштің соңында толтырылған күні мен жеке қол міндетті түрде қойылуы керек.

3. Негіздеме-өтініштің кіріспе бөлімінде Сіз өзіңіз туралы толық ақпаратты қамтуыңыз қажет, атап айтқанда, Сіздің конкурсқа қатысуыңыздың негізгі себебі, мақсаты қандай; өзіңіздің мектептегі, жоғары оқу орнындағы, еңбек және қоғамдық қызметтегі жеке жетістіктеріңіз қандай; болашақта кім болуды жоспарлайсыз және жетістікке жету үшін, мақсатыңызды жүзеге асыру үшін қандай әрекеттер жасайсыз; осы елді таңдау себебі, критерийлері қандай; таңдаған еліңіздің білім жүйесі мен сапасы туралы пікіріңіз қандай.

4. Сондай-ақ мынадай сұрақтарды қамту қажет: Сіз таңдаған мамандыққа қатысты негізгі ақпарат. Сіздің болашақ мамандығыңызды таңдауыңызға негізінен не әсер етті? (мамандықтың беделі, қызығушылық, кәсіпке қабілеттілік, жоғары жалақы алу мүмкіндігі, отбасылық дәстүр, мамандық иелерімен кездесу және тағы басқа). Сізді қызықтыратын мамандық туралы ақпаратты қайдан алдыңыз? (бұқаралық ақпарат құралдары, ата-анаңыз, ұстаздарыңыз, достар мен таныстарыңыз). Өз ісіңнің маманы болу үшін қандай қасиеттерге ие болу қажет? Сіз өзіңізді 5 жылдан кейін қалай елестетесіз? (мақсаттар мен болашақтағы жетістіктер, қызмет саласы, лауазымыңыз) Біздің еліміздің дамуына қандай үлесіңізді қосасыз?

5. Негіздеме-өтініш соңында Қазақстан Республикасы Президентінің»"Болашақ" халықаралық стипендиясы туралы өз пікіріңізді білдіріңіз. Осы бағдарлама Сіз үшін қандай артықшылықтар мен мүмкіндіктер туғызады? Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға лайықты үміткер нақты Сіз екендігіңізді түсіндіріңіз.

Е с к е р т у :

Шетел жоғары оқу орнына өз күшімен түскен адамдар қосымша осы оқу орнын таңдау себептерін, осы университеттің ресми және бейресми халықаралық ұлттық рейтингтердегі орны туралы жазуы тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы»27 маусымдағы

№ 333 бұйрығына 5-қосымша

(Қазақстандық жоғары оқу орындарында оқитын тұлғаларға берілетін  
ағымдағы үлгерімі туралы анықтаманың типтік үлгісі)

**Анықтама**

----- берілді, ол  
(тегі, аты, әкесінің аты)  
200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап қазіргі уақытқа дейін

\_\_\_\_\_ (білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері)  
\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
оқу нысаны \_\_\_\_\_ ақылы, грант бойынша оқиды.  
(қажеттісінің астын сызып қойыңыз)

\_\_\_\_\_ оқу кезінде  
(тегі, аты, әкесінің аты)  
мынадай пәндерді (оқу пәндері) оқыды, сынақтар мен емтихандарды  
тапсырды, жылдық (қорытынды) бағаларын алды:

№ р/с	Оқу жоспары бойынша пәндердің атауы мен оқу жұмысының түрлері	Сағат саны		Тапсырылды		Аралық мемлекеттік бақылау нәтижелері
		оқу жоспары бойынша	студенттің оқығаны	Сынақтар	Емтихандар (бағаны цифрмен және жазбаша көрсетіңіз)	
	<b>Үлгерімнің қорытынды орташа балы :</b>					

Ескерту: анықтамада міндетті түрде осы оқу орнында пайдаланылатын бағалар жүйесі туралы ақпарат болуы қажет  
Анықтама беру үшін негіздеме: "Болашақ" халықаралық стипендиясына қатысу үшін арыз

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.А.) (қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ Берілген күні 200 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы»27 маусымдағы  
N 333 бұйрығына 6-қосымша

**"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысушы  
үміткерлердің құжаттарын қарау жөніндегі  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**Ж а л п ы е р е ж е л е р**

1. Осы Нұсқаулық "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлердің (бұдан әрі - үміткерлер) жеке істерін қарауды регламенттейді.
2. Конкурсқа "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу ережесі талаптарына сай келетін, құжаттарын белгіленген мерзімде тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.
3. "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ-ның (бұдан әрі - Орталық) қызметкерлері өз қызметінде үміткерлердің құжаттарын қарау кезінде осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

**Үміткерлердің құжаттарын қарау**

4. Конкурсқа қатысуға арналған құжаттар өз қолымен немесе пошта арқылы ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .
5. Конкурсқа қатысушылар екі санатқа бөлінеді: жалпы негіздегі үміткерлер және шетелдік жоғарғы оқу орнына өз бетімен түскен үміткерлер (бұдан әрі - өз бетімен түскен үміткерлер). Жалпы негіздегі үміткерлер (осы Нұсқаулықтың 6-тарауында көрсетілген жағдайлардан басқа) конкурстың барлық кезеңдеріне қ а т ы с а д ы .
6. Жалпы негіздегі үміткер белгіленген ең төмен шектеу деңгейіне сәйкес келетін нәтижесі бар қолданыстағы ресми тестті тапсырғаны туралы сертификатты ұсынған жағдайда тілдік емтихан тапсырудан босатылады.
7. Өз бетімен түскен үміткерлер конкурсқа қатысу үшін құжат тапсырғанға дейін шетелдік жоғары оқу орнынан шартсыз шақыруды ұсынуы қажет.
8. Үміткердің құжаттарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылдың 26 мамырында бекітілген N 511 "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесі" (бұдан әрі - Ереже) талаптарына сәйкестігін Орталық қызметкерлері құжаттар келіп түскеннен кейін үш күн ішінде тексеруді жүзеге асырады. Құжаттар мынадай бағыттар бойынша тексеріледі:  
барлық қажетті құжаттардың болуы;  
сауалнамалық нысандарды толтырудың дұрыстығы;

ұсынылған ақпарат пен құжаттардың оларға қойылатын талаптарға сәйкестігі;

ұсынылған ақпараттың растылығы;  
тапсырылған құжаттар мен электрондық түрде ұсынылған ақпараттың сәйкестігі.

9. Ереже талаптарына сәйкес келетін және өндіріске қабылданған құжаттар үміткерлердің жеке істерін тіркеу журналы мен үміткерлердің электрондық дерекқорына енгізіледі. Егер құжаттар өз қолымен тапсырылса, Орталық қызметкерлері қабылданған құжаттар тізбесін көрсетіп қолхат береді.

10. Үміткердің жоғары оқу орнында алған мамандығының атауы Қазақстан Республикасының Жоғары кәсіптік білім мамандықтарының жіктегішінде болмаған жағдайда үміткерлердің істерін мәндестік нысаны бойынша қарауды және оны конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдауды жеке тәртіпте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

11. Құжаттар Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда: құжаттарын пошта арқылы жіберген адамдарға Орталық 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде бас тарту себептері туралы жазбаша түрде ескертеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылдың 8 маусымындағы N 300 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4754 болып енгізілген) бекітілген құжаттар қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін жеке істер Орталықтың мұрағатына тапсырылады; өз қолымен тапсырылған құжаттар өндіріске қабылданбаған құжаттарды тіркеу журналына міндетті түрде енгізіліп қайтарылады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы»27 маусымдағы  
N 333 бұйрығына 7-қосымша

### **"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлерді конкурстық іріктеуден өткізу жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді (бұдан әрі - үміткерлер) конкурстық іріктеуді өткізуді регламенттейді.

2. Конкурстық іріктеуге Тілдік/пәндік емтихандар, психологиялық тестілеу мен тәуелсіз сараптамалық комиссия (бұдан әрі - ТСК) мүшелерімен әңгімелесу енгізілген.

3. Үміткердің оқу тілін меңгеру (білу) деңгейін анықтау емтиханын Ресей Федерациясында оқуды таңдағандардан және өз бетімен түскен үміткерлерден

басқа барлық үміткерлер тапсырады. Ресей Федерациясына оқуға баратын үміткерлер "Клиникалық ординатура" бағдарламасы бойынша оқуға ниет білдірген үміткерлерден басқа, пәндік емтихан тапсырады. Тілдік/пәндік емтихандардан оң нәтиже көрсеткен үміткерлер психологиялық тестілеу мен тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен әңгімелесуге жіберіледі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.11.05. N 531 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а н ы з ) Б ұ й р ы ғ ы м е н .**

4. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау немесе кері қайтару туралы түпкілікті шешімді Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) қабылдайды.

#### **Тілдік және пәндік емтихандар**

5. Тілдік/пәндік емтихандарды құрамына өткізілетін тесттің түріне сәйкес шетелдік серіктестердің өкілдері кіретін Оқу тілін меңгеру (білу) деңгейін анықтау жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі - Комиссиялар) өткізеді.

6. Орталық болжанып отырған білім алатын еліне сәйкес үміткерлер тізімін қалыптастырады және Комиссияларға жібереді, сондай-ақ шетелдік серіктестермен келісім бойынша тілдік/пәндік емтихандардың өтетін орны мен уақытын белгілейді. Жіберілетін үміткерлер тізіміне енетін деректер тізбесін шетелдік серіктестер белгілейді.

7. Үміткерлерге арналған тілдік және пәндік емтихандар Орталықтың шетелдік серіктестер келісімімен бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі. Бекітілген емтихандарды өткізу кестесіне өткізілуіне 5 күн қалғанға дейінгі мерзімде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8. Емтихандарды өткізу кестесіне сәйкес Орталық конкурсқа қатысушыларды тілдік (бейресми TOEFL)/пәндік емтихандардың өтетін мерзімі мен орны туралы емтихан өтетін күннен кем дегенде бес күн бұрын хабардар етеді.

9. Жоғарыда аталғандардан басқа тілдік емтихандарды өтетін үміткерлердің тізіміне сәйкес шетелдік серіктестер емтихан өтетін күннен бес күн бұрын конкурс қатысушыларына тілдік тестілеудің өтетін күні мен орны туралы х а б а р л а й д ы .

10. Тілдік және пәндік емтихандар өту кезінде Орталық Комиссиялардың өз міндеттерін орындауы мен емтиханның өту процесіне бақылауды жүзеге а с ы р а д ы .

11. Тілдік және пәндік емтихандар түрлері болжанып отырған білім алатын елге, оқу бағдарламасы мен мамандығына, сондай-ақ оқу тілін меңгерудің (білудің) ең төмен деңгейіне (бұдан әрі - ең төмен шекті балдар) сәйкес Білім және ғылым министрлігімен белгіленеді.

12. Тілдік және пәндік емтихандар қорытындылары бойынша Комиссиялар

Орталыққа ресми сертификаттар және/немесе нәтижелердің қорытынды кестесін (әрбір секция бойынша бағаларын көрсетіп) ұсынады. Комиссия қорытындысында үміткерге қосымша тілдік немесе өзге де даярлықты өту туралы ұсыныстар өту мерзімі көрсетілуге тиіс. Тілдік/пәндік емтихандардың қорытындыларын шығару кезінде Комиссиялар бекітілген ең төмен шекті балдарды басшылыққа алады.

13. Үміткерлер тілдік және пәндік емтихандар нәтижелері туралы ақпаратты Орталықтың ресми веб-сайтында жариялау арқылы хабарланады. Бұл ретте осы ақпарат тілдік/пәндік емтихандар қорытындылары Комиссиялардан Орталыққа түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми веб-сайтта орналастырылуға тиіс.

14. Конкурстың осы кезеңінде теріс нәтиже көрсеткен үміткердің құжаттары Орталықтың мұрағатына сақтауға тапсырылады. Бұл санаттағы үміткерлер конкурстың кейінгі кезеңдеріне қатысуға жіберілмейді.

15. Оқыту тілін меңгеру (білу) деңгейін анықтауға арналған тілдік емтихандарға үміткерлер болжанып отырған білім алатын еліне сәйкес жіберіледі. Тілдік емтихан қорытындысы бойынша үміткерлер конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі.

### **Психологиялық тестілеу**

16. Үміткерлерді психологиялық тестілеуді қызметінің негізгі бағыты адам психологиясын тестілеу әдісімен талдау болып табылатын ұйымнан (бұдан әрі - Ұйым) тиісті саладағы мамандарды тарту арқылы өткізіледі.

17. Ұйым тестілеуді үміткерлердің шетелде оқуға және тұруға психологиялық даярлық деңгейін анықтау мақсатында жүргізеді. Психологиялық тестілеу үміткердің ақыл-ойының даму деңгейін, коммуникативтік, эмоционалды-еріктік және басқа да жеке тұлғалық қасиеттерін анықтайды.

18. Орталық психологиялық тестілеуге жіберілетін үміткерлердің тізімін қалыптастырады және оларға жеке кодтар тағайындайды, Ұйымға тестілеуге қатысушылардың санын ұсынады, тестілеудің өтетін уақыты мен орнын белгілейді, үміткерлерге өтетін тестілеу туралы ақпаратты оның өтуінен бес күн бұрын хабарлайды.

19. Ұйым тестілеуді өткізуге қажетті материалдарды дайындайды. Тестілеу өткеннен кейін Ұйым әрбір үміткер бойынша жеке қорытынды дайындап, оларды Орталыққа ұсынады.

20. Алынған қорытындыларды Комиссия қарауына ұсыну үшін үміткерлердің жеке істеріне тігеді.

21. Орталық конкурсты ұйымдастыруға қатысы жоқ адамдарға психологиялық қорытындыларды беруге құқығы жоқ.

22. Психологиялық қорытындыларға қол жеткізе алатындар:

Орталықтың конкурстық іріктеуді жүргізуді тікелей жүзеге асыратын басқармасының және стипендиаттар мониторингін жүзеге асыратын басқармасының қызметкерлері;

үміткерлердің шетелде таңдап алған оқу бағыты бойынша дайындық деңгейін анықтау үшін Комиссия мүшелері;  
Республикалық комиссия мүшелері.

### **Үміткерлермен жеке әңгімелесу**

23. Үміткерлермен жеке әңгімелесуді шетелде үміткерлердің таңдап алған оқу бағыты бойынша дайындық деңгейін анықтау үшін тәуелсіз сараптамалық комиссия жүргізеді.

24. Тәуелсіз сараптамалық комиссия құрамында мыналар болуға тиіс: Республикалық комиссияның бір немесе бірнеше мүшелері (келісім бойынша )

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері; бейіндік мемлекеттік ведомстволар басшыларының құрамынан жеке салалар бойынша сарапшылар (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасының ұлттық компанияларының, жетекші жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттары мен басқа арнаулы мекемелердің сарапшылары (келісім бойынша);

шетелдік серіктестер өкілдері;

Орталық президенті;

Орталық вице-президенті;

Орталық басқармалары бастықтарының бірі.

25. Орталық әңгімелесу өтетін күннен кем дегенде бес күн бұрын тәуелсіз сараптау комиссиясымен жеке әңгімелесуден өтетін үміткерлердің тізімін ( болжанған оқу бағыттары бойынша бөлінген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынады.

26. Комиссиялардың жұмысы топтарға (үміткерлер санына байланысты) немесе секцияларға (үміткерлердің таңдаған оқу бағыттары бойынша) бөлінуі мүмкін. Жеке әңгімелесуді өткізу үшін топтар (секциялар) саны мен құрамын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі анықтайды.

27. Орталық жеке әңгімелесуден өтуге жіберілетін үміткерлер тізімін қалыптастырады, оның өтетін орны мен уақытын анықтайды, үміткерлерге өтетін жеке әңгімелесу туралы ақпаратты оның өтетін күнінен бес күн бұрын хабарлайды және тәуелсіз сараптамалық комиссия отырыстарына материалдарды әзірлейді.

28. Тәуелсіз сараптамалық комиссияның әрбір мүшесіне толтыру үшін жеке әңгімелесу парағы беріледі.

29. Үміткерлермен жеке әңгімелесуді жүргізу үшін тәуелсіз сараптамалық



комиссия мүшелері төменгі құжаттармен мұқият танысулары қажет:  
үміткердің жеке ісімен;  
тілдік/пәндік емтихандардың қорытындыларымен;  
психологиялық тестілеу нәтижелерімен.

30. Жеке әңгімелесу кезінде үміткерлердің таңдап алған оқу бағыты бойынша дайындық деңгейін анықтау үшін тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелері мынадай бағыттағы сұрақтарды қоюы қажет:

жеке жетістіктері туралы сұрақтар: үміткер өз өміріндегі ең үлкен жетістіктігі туралы еркін түрде айтып беруі қажет;

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы және отансүйгіштік туралы сұрақтар: Қазақстанның 2030-жылға дейінгі даму Стратегиясының негізгі бағыттары, Елбасының Қазақстан халқына Жолдаулары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымы, халықаралық аренадағы жетістіктері, республика дамуының басым бағыттары, басты статистикалық деректер бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін, сондай-ақ үміткердің азаматтық ұстанымы анықталады;

кәсіби дайындық деңгейін анықтайтын сұрақтар;  
үміткердің оқуын бітіргеннен кейінгі кәсіби жоспарлары: үміткер мемлекеттік, қоғамдық және өзінің жеке мүдделерін үйлестіру қажеттілігін түсінетіндігін; білім алу мен кәсіби даму қажеттіліктерін жеке тұлғаның өсу шарттары ретінде түсінетіндігін анықтау керек.

31. Осы құжаттың 30-тармағында берілген сұрақтар үміткерге қазақ, орыс немесе оқу болжанған елдің тілінде қойылуы мүмкін.

32. Тәуелсіз сараптамалық комиссияның әрбір мүшесі ең маңызды сәттерді кішігірім ескертулер түрінде белгілеп үміткердің жауаптарын әңгімелесу парағында түсіреді. Үміткердің жазбаша және ауызша сұрақтарға жауаптарын ескере отырып, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 29-тармағында белгіленген материалдар негізінде тәуелсіз сараптамалық комиссияның әрбір мүшесі үміткерге "Болашақ" стипендиясын тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы жеке әңгімелесу парағында көрсетілген ұсынысты жасап ("академиялық бағдарлама бойынша оқуға ұсынамын"/"тілдік дайындыққа ұсынамын"/"ұсынбаймын") шешім қабылдайды. Сонымен қатар, жеке әңгімелесу парағында тәуелсіз сараптамалық комиссияның мүшесі үміткердің жеке ісімен танысқандығы жөнінде белгі қояды.

33. Әрбір үміткер жеке және барлық жинақталған материалдардың негізінде қ а р а л а д ы ;

34. Әрбір үміткер бойынша тәуелсіз сараптамалық комиссия шешімдері қатысып отырған сараптамалық комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде

сараптамалық комиссия төрағасының немесе ол жоқ болғанда төраға орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

35. Тәуелсіз сараптамалық комиссияның мүшелері толтырған жеке әңгімелесу парақтары үміткердің жеке ісіне тігіледі.

36. Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерінің ұсыныстарын Орталық өңдейді және 2 күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне береді.

### **"Болашақ" стипендиясын тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы мәселені қару**

37. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы түпкілікті шешімді тәуелсіз сараптамалық комиссия ұсынған қорытындының негізінде Республикалық комиссия отырысында қабылданады. Республикалық комиссияның жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады. Орталық дайындаған материалдарды Республикалық комиссия отырысына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі шығарады.

38. "Болашақ" халықаралық стипендиясы: шетелдік жоғарғы оқу орнында академиялық бағдарлама бойынша білім алу үшін ;

тілдік курстарды алдын ала өту арқылы шетелдік жоғарғы оқу орнында академиялық бағдарлама бойынша білім алу үшін тағайындалады.

39. Республикалық комиссия шешімімен "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған үміткерлердің тізімін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен алғаннан кейін Орталық бұқаралық ақпарат құралдарында және де ресми веб-сайтында бір жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды.

40. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындаудан бас тартылған үміткерлердің құжаттары Орталықтың мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2007 жылғы»27 маусымдағы

№ 333 бұйрығына 8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.11.05. № 531 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**«"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлердің оқу тілін меңгерудің (білудің) ең төмен деңгейі**

	Оқуға болжанып отырған ел	Мамандық бағыты	Бағдарлама	Оқу тілі
--	---------------------------	-----------------	------------	----------

1.	<b>Австралия</b> <b>Ұлы Британия</b> <b>Ирландия</b> <b>Нидерланд</b> <b>Жаңа Зеландия</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Ағылшын тілі
	Магистратура			
	Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура		
2.	<b>Аргентина</b> <b>Испания</b>	Техникалық, медициналық, гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Испан тілі
3.	<b>Австрия</b> <b>Германия</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Неміс тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
4.	<b>Венгрия</b> <b>Үндістан</b> <b>Латвия</b> <b>Норвегия</b> <b>Польша</b> <b>Финляндия</b> <b>Швеция</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі
	Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура		
5.	<b>Италия</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Итальян тілі
Магистратура				
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
6.	<b>Израиль</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Ағылшын тілі
Магистратура				
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі		
7.	<b>Канада</b> <b>АҚШ</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Ағылшын тілі
Магистратура				
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
8.	<b>Қытай</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Қытай тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			

9.	<b>Мала йзия</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
10.	<b>Сингапур</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Ағылшын тілі
Магистратура				
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
11.	<b>Франция</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Француз тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
12.	<b>Чехия</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
13.	<b>Швейцария</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура			
14.	<b>О н т ү с т і к К о р е я</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат	Корей тілі
Магистратура	Ағылшын тілі Корей тілі			
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Ағылшын тілі Корей тілі Ағылшын тілі Корей тілі		
15.	<b>Жа пония</b>	Техникалық, медициналық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Жапон тілі
Ағылшын тілі				
Гуманитарлық мамандықтар	Бакалавриат Магистратура	Жапон тілі Жапон тілі Ағылшын тілі		

**кестенің жалғасы:**

I шектi деңгей *	II шектi деңгей **	Ескерту
IELTS : 9-дан 5.5	—	-
IELTS : 9-дан 6.0		
-		
-		

-	D.E.L.E. D.S.E. деңгейі	-
10-нан 6.5 (DAAD тесті)	—	
-	10-нан 8 (DAAD тесті)	-
TOEFL : ITP 677-ден 500 CBT 300-ден 173 IBT 120-дан 61	—	
TOEFL : ITP 677-ден 560	TOEFL : PBT 677-ден 560 CBT 300-ден 220 IBT 120-дан 83	
-	CILS 2 (B2), CELI 4 CILS 3 (B2), CELI 4  CILS 3 (B2), CELI 4	Қазақстанда итальян тілін менгеру деңгейін анықтау үшін ресми тестілеуді өткізіп, сертификат беретін уәкілетті ұйымдардың болмауына байланысты, Италияда оқуға  үміткерлер (жалпы негіздегі конкурс бойынша) CILS, CELI сертификаттары бар болған жағдайда ғана конкурсқа қатыса алады.
TOEFL : ITP 677-ден 560 IBT 120-дан 83 иврит тілін білу міндетті	—	SAT I, SAT II (мамандыққа байланысты) "Амир" психометрика- лық тесті (Израиль мемлекетінің аумағында ғана өткізіледі)
GRE, GMAT (мамандыққа байланысты) "Амир"		

психонометрика-лық тесті (Израиль мемлекетінің аумағында ғана өткізіледі)		
<b>TOEFL</b> : <b>PBT 677-ден 580</b> <b>IBT 120-дан 92</b> <b>иврит тілін білу міндетті</b>	<b>SAT I</b> (мамандыққа байланысты) "Амир" психонометрика-лық тесті (Израиль мемлекетінің аумағында ғана өткізіледі)	
GMAT (мамандыққа байланысты) "Амир" психонометрика-лық тесті (Израиль мемлекетінің аумағында ғана өткізіледі)		
<b>TOEFL</b> : <b>ITP 677-ден 500</b> <b>IBT 120-дан 61</b>		SAT I, SAT II (мамандыққа байланысты)
GRE, GMAT (мамандыққа байланысты)		
<b>TOEFL</b> : <b>ITP 677-ден 560</b> <b>IBT 120-дан 83</b>	<b>TOEFL</b> : <b>PBT 677-ден 580</b> <b>IBT 120-дан 92</b>	SAT I, SAT II (мамандыққа байланысты)
GRE, GMAT (мамандыққа байланысты) GMAT - негізінен ҚАРЖЫ мамандығына		
<b>TOEFL ITP 677-ден 500 IBT 120-дан 61</b>	<b>HSK 6 деңгей</b>	Қазақстанда қытай тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін ресми тестілеуді өткізіп, сертификат беретін уәкілетті ұйымдардың болмауына байланысты, Қытайға оқуға
	<b>HSK 6 деңгей</b>	

-	HSK 7 деңгей	үміткерлер HSK сертификаттары бар болған жағдайда ғана конкурсқа қатыса алады.
TOEFL : ITP 677-ден 500 IBT 120-дан 61	—	
TOEFL : ITP 677-ден 560	TOEFL : PBT 677-ден 560 IBT 120-дан 83	-
TOEFL : PBT 677-ден 580 IBT 120-дан 92		
TOEFL : ITP 677-ден 500 IBT 120-дан 61	—	SAT I, SAT II (мамандыққа байланысты)
-		
TOEFL : ITP 677-ден 560	TOEFL : PBT 677-ден 560 IBT 120-дан 83	SAT I, SAT II (мамандыққа байланысты)
TOEFL : PBT 677-ден 600 IBT 120-дан 100	-	
TCF 699-дан 200	-	-
TCF 699-дан 200	-	-
-	TCF 699-дан 300	TCF-DAP
-	-	
TOEFL : ITP 677-ден 500 CBT 300-ден 173 IBT 120-дан 61	—	
TOEFL : ITP 677-ден 560	TOEFL : PBT 677-ден 560 CBT 300-ден 220 IBT 120-дан 83	-
TOEFL : ITP 677-ден 500 CBT 300-ден 173 IBT 120-дан 61	—	
	TOEFL :	-

Т О Е F L ІТР 677-ден 560	:	РВТ 677-ден 560 СВТ 300-ден 220 ІВТ 120-дан 83	
-		Test of Korean Language Proficiency 4	
Т О Е F L ІТР 677-ден 500 ІВТ 120-дан 61	:	—	
-		Test of Korean Language Proficiency 5	
Т О Е F L ІТР 677-ден 560	:	Т О Е F L : РВТ 677-ден 560 ІВТ 120-дан 83	-
-		Test of Korean Language Proficiency 4	
Т О Е F L ІТР 677-ден 560	:	Т О Е F L : РВТ 677-ден 580 ІВТ 120-дан 92	
-		Test of Korean Language Proficiency 5	
-		Nouryekushiken 2 деңгей	
Т О Е F L 677-ден 500	І Т Р	—	
-		Nouryekushiken 2 деңгей	
-		Nouryekushiken 2 деңгей	
Т О Е F L 677-ден 560	І Т Р	Т О Е F L 677-ден 580 ІВТ 120-дан 92	Р В Т 580

### Е С К Е Р Т У :

Үміткерлердің тілдік тестілеуді өту тәртібі:

\* Бірінші шекті деңгей (тілдік дайындыққа/ресми тестілеуді тапсыруға жіберетін деңгей):

- бейресми TOEFL (ІТР) емтиханынан 500 және одан жоғары балдар алған техникалық және медициналық мамандықтар бойынша оқуға үміткерлер»"Болашақ" стипендиясын тағайындаған жағдайда тілдік дайындыққа жіберу арқылы конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі;  
- бейресми TOEFL (ІТР) емтиханынан 560 және одан жоғары балдар алған гуманитарлық мамандықтар бойынша оқуға үміткерлер ресми TOEFL (ІВТ) өтуге жіберіледі.

\*\* Екінші шекті деңгей (академиялық оқуға жіберетін деңгей):



- екінші шекті деңгейге тең немесе одан жоғары балдар алған үміткерлер конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі.

Емтихандар атауы жөніндегі ақпарат:

**IELTS** (International English Language Testing System) - ағылшын тілін білуді тексеретін тестілеудің халықаралық жүйесі

**D.E.L.E.** (Diplomas de Espacol como Lengua Extranjera) - испан тілін шетел тілі ретінде меңгеру дәрежесін растайтын диплом

**TCF** (Test de connaissance du franzaais) - француз тілін білуді тексеретін тест

**TCF-DAP** (Test de connaissance du franzaais pour la demande d'admission prйalable) - француз тілін білуді тексеретін тест (университетке алдын ала жазылу үшін)

**HSK** (Hanyu Shuiping Kaoshi) - қытай тілі бойынша біліктілік емтихан

**Nouryekushiken** - жапон тілін білу деңгейін анықтау жөніндегі емтихан

**SAT** (Scholastic Aptitude Test) - оқуға қабілеттілікті анықтайтын тест

**GRE** (Graduate Record Examination) - нақты мамандық бойынша негізгі білімді анықтайтын тест

**GMAT** (General Management Admission Test) - менеджмент саласындағы білім және біліктілік деңгейін анықтайтын электрондық тест

**CILS** (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera) - итальян тілін шетел тілі ретінде меңгеру дәрежесін растайтын диплом

**CELI 1, 2, 3, 4, 5** (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana) - итальян тілін 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші деңгейлерде білу сертификаты

**TOEFL** (Test of English as a Foreign Language - шетел тілі ретіндегі ағылшын тілі бойынша тест) мынадай түрлерге бөлінеді:

**ITP** (Institutional Testing Program) - үміткерлердің дайындық деңгейін алдын ала анықтау үшін бейресми тест

**PBT** (Paper-based TOEFL) - қағаз жеткізушісінде толтырылатын ресми тест

**CBT** (Computer-based TOEFL) - компьютер арқылы тапсырылатын ресми тест

**IBT** (Internet-based TOEFL) - Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

**"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру  
жөніндегі кейбір шаралар туралы 2007 жылғы 27 маусымдағы  
N 333 бұйрықтың КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

**ҰСЫНАДЫ:** **КЕЛІСІЛДІ:**  
Дамыту стратегиясы департаменті Вице-министр  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
А п п а р а т б а с ш ы с ы  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Ә к і м ш і л і к қ а м т а м а с ы з е т у  
д е п а р т а м е н т і  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Қ а р ж ы д е п а р т а м е н т і  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Ж о ғ а р ы ж әне ж о ғ а р ы о қ у о р н ы н а н  
к е й і н г і б і л і м д е п а р т а м е н т і  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
З а ң б а с қ а р м а с ы  
2007 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Бұйрықтың жобасы Дамыту стратегиясы департаментінде  
келісілді

Бөлім бастығы